

Қостанай қаласындағы "Әуежай" жобаланатын шағын ауданы шегінде Тарелочка тоғанының су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы

### **Күшін жойған**

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 554 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 қантарда № 6143 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 03.08.2022 № 344 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 116, 125-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Уәкілетті органдармен келісілген, бекітілген жобалық құжаттама негізінде Қостанай қаласындағы "Әуежай" жобаланатын шағын ауданы шегінде Тарелочка тоғанының су қорғау аймағы мен белдеуі 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қостанай қаласындағы "Әуежай" жобаланатын шағын ауданы шегінде Тарелочка тоғанының су қорғау аймағы мен белдеуін шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мұхамбетов

### **КЕЛІСІЛДІ**

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г. Оспанбекова

"Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрлігі Тұтынушылардың  
құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай  
облысы тұтынушылардың құқықтарын  
қорғау департаменті" республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ В. Нечитайло

"Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі Мұнай-газ  
кешеніндегі экологиялық реттеу және  
бақылау комитетінің Қостанай  
облысы бойынша экология департаменті"  
республикалық мемлекеттік мекемесінің  
басшысының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ В. Мұхамеджанов

"Қостанай облысы әкімдігінің жердің  
пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау  
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің  
басшысының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ В. Крячко

### **Қостанай қаласындағы "Әуежай" жобаланатын шағын ауданы шегінде Тарелочка тоғанының су қорғау аймағы мен белдеуі**

Су объектісі , оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі			Орташа көп жылдық судың сабалық кемері (метр)
	ұзындығы ( метр)	ені (метр)	ауданы (гаектар)	ұзындығы (метр)	ені (метр)	ауданы (гаектар)	
Қостанай қаласындағ ы "Әуежай" жобаланаты н шағын ауданы шегіндегі Тарелочка тоғаны	1181	35-150	5,293	646	35	2,261	175,15

Ескерту: су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары "Қостанай облысының, Қостанай қаласындағы "Әуежай" жобаланатын шағын ауданы шегінде Тарелочка тоғанының су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу жобасы " жобасының картографиялық материалында көрсетілген (су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеу жобасына тапсырыс беруші - "Промстройпроект" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).

**Қостанай қаласындағы "Әуежай" жобаланатын шағын ауданы шегінде Тарелочка тоғанының су қорғау аймағы мен белдеуін шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары**

Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыштар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыштарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру, балық шаруашылығы технологиялық су айдындары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылыштарды салмай, ғимараттар мен құрылыштарды салуға және пайдалануға. Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабының 7-тармағымен және 145-1-бабымен белгіленген талаптарды ескере отырып қолданылады;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер участеклерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген участеклерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуғе (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға жол берілмейді.

Ескерту. 1-тармақта өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 26.07.2021 № 339 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыш, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мұдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын аландарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерусті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өндеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбекен пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 26.07.2021 № 339 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**